

**«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы
акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының материалдары
2019 жылғы 27 мамыр**

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы (бұдан әрі - АЖЖЖ) Қоғамның директорлар кеңесінің (бұдан әрі – директорлар кеңесі) 2019 жылғы 26 сәуірдегі шешіміне сәйкес шақырылды. АЖЖЖ 2019 жылғы 27 мамырда, 10 сағат 00 минутта Нұр-Сұлтан қаласында Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қ., Қабанбай батыр д-лы, 17-үй мекенжайындағы (Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері) 3-қабат, акт залында мынадай күн тәртібімен шақырылды:

- 1) 2018 жылғы жылдық шоғырландырылған қаржы есептілігін бекіту;
- 2) Есепті қаржы жылындағы Қоғамның таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай және артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның 1 (бір) жай және 1 (бір) артықшылықты акциясын есептегенде, дивидендтің мөлшерін бекіту;
- 3) Қоғамның жылдық есебін, директорлар кеңесі мен басқарманың жұмысы туралы есепті бекіту;
- 4) 2018 жылы акционерлердің Қоғам мен оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне арыздары және оларды қарау қорытындылары туралы ақпарат;
- 5) 2018 жылы Қоғамның директорлар кеңесі мен басқармасы мүшелеріне берілетін сыйақы мөлшері мен құрамы туралы ақпарат;
- 6) Қоғамның директорлар кеңесінің сандық құрамын белгілеу;
- 7) Қоғамның директорлар кеңесі өкілеттіліктерінің мерзімін белгілеу;
- 8) Қоғамның директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау;
- 9) Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы төлеу және шығыстарды өтеу мөлшері мен шарттарын белгілеу.

АЖЖЖ қатысушыларын тіркеуді бастау уақыты – 2019 жылдың 27 мамыры, 09 сағат 00 минут (Нұр-Сұлтан уақыты бойынша).

АЖЖЖ қатысушыларын тіркеуді аяқтау уақыты – 2019 жылдың 27 мамыры 09 сағат 45 минут (Нұр-Сұлтан уақыты бойынша).

Кворум болмаған жағдайда қайталанған АЖЖЖ осы мекенжайда осындай күн тәртібімен 2019 жылдың 28 мамырында, 10 сағат 00 минутта (Нұр-Сұлтан уақыты бойынша) өткізілетін болады.

1. 2018 жылғы жылдық шоғырландырылған қаржы есептілігін бекіту.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 76-бабының 1-тармағына сәйкес, атқарушы орган аудиті Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес жүргізілген өткен жылғы жылдық қаржы есептілігін акционерлердің жалпы жиналысына оны талқылау және бекіту үшін жыл сайын береді. қаржы есептілігінен басқа, атқарушы орган жалпы жиналысқа аудиторлық есепті береді.

«Эрнст энд Янг» ЖШС-ның тәуелсіз аудиторлары Қоғамның 2018 жылғы шоғырландырылған қаржы есептілігінің аудитін жүргізді.

Қоғамның шоғырландырылған қаржы есептілігі өзіне:

- Тәуелсіз аудиторлардың есебін;
- Қаржы жағдайы жөніндегі шоғырландырылған есепті;
- Жиынтық пайда туралы шоғырландырылған есепті;
- Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы шоғырландырылған есепті;
- Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепті;

Жылдық шоғырландырылған қаржы есептілігіне ескертулерді қамтиды.

2018 жылғы жылдық шоғырландырылған есептілік 2019 жылғы 26 сәуірде Қоғамның директорлар кеңесі шешімімен мақұлданды (№8 хаттама).

Директорлар кеңесінің отырысының алдында, Аудит жөніндегі комитет туралы ережеге сәйкес, осы қаржы есептілігін Аудит жөніндегі комитет 2019 жылдың 6 наурызында қарады.

Қоғамның жылдық шоғырландырылған қаржы есептілігі мен аудиторлық есеп www.kmger.kz мекенжайы бойынша корпоративті веб-сайтта қолжетімді, сондай-ақ акционерлердің сұрауы бойынша беріледі.

Акционерлер шешімінің жобасы:

Қоса берілген Қоғамның 2018 жылғы жылдық шоғырландырылған қаржы есептілігі бекітілсін.

2. Есепті қаржы жылындағы Қоғамның таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай және артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның 1 (бір) жай және 1 (бір) артықшылықты акциясын есептегенде, дивидендтің мөлшерін бекіту.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – АҚ туралы Заң) 22-бабы 4-тармағына, сондай-ақ Қоғам Жарғысының 40-тармағына сәйкес орналастырылмаған немесе қоғамның өзі сатып алған акциялар бойынша дивидендтер есептелмейді және төленбейді. Қоғам Жарғысының 44-тармағына сәйкес артықшылықты акциялар бойынша есептелетін дивидендтердің мөлшері кем дегенде 25 теңгені құрайды, және АҚ туралы Заңның 24-бабы 1-тармағына сәйкес жай акциялар бойынша осы кезең үшін есептелетін дивидендтердің мөлшерінен аз болмауға тиіс.

КЕХС сәйкес жасалған шоғырландырылған қаржылық есептілікке сәйкес Қоғамның 2018 жылғы таза табысы 299 918 млн. теңгені (374,96 теңге/АҚШ долл. бағамы бойынша~800 млн. АҚШ долл.) құрады. 2019 жылғы 01 наурыздағы жағдай бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – ҚМГ ҰК) Қоғам акцияларын иелену үлесі айналымдағы акциялардың барлық санынан ~ 99,51% құрайды. Дивидендтерді алуға құқығы бар акционерлердің тізімін тіркеу күніне «пут опцион» бойынша жай және артықшылықты акциялар бойынша құқықтарды сатқаннан кейін айналымдағы акциялардың саны мен ҚМГ ҰК иелену үлесі өзгеруі мүмкін.

Қоғамның Дивидендтік саясаты туралы ережеге сәйкес (директорлар кеңесімен 2006 жылғы 25 шілдеде бекітілген) акционерлердің жалпы жиналысына ұсынымдар әзірлеу кезінде директорлар кеңесі таза табыстың 15%-ын құрайтын дивидендтік төлемдердің мақсатты деңгейін басшылыққа алатын болады. Таза табыстың 15% - ына тең деңгейге сүйене отырып, дивидендтік төлемдер мөлшері шамамен 44 989 млн.теңгені (374,96 теңге/АҚШ долл. бағамы бойынша ~ 120 млн. АҚШ долл.), ал бір акцияға дивидендтің мөлшері ~43 теңгені құрайды. Дивидендтік төлемдер туралы ақпарат 1-қосымшада келтірілген.

2019 жылғы 01 наурыздағы жағдай бойынша Қоғамның шоғырландырылған ақша қаражаттары ~277 845 млн. теңгені (374,96 теңге/АҚШ долл. бағамы бойынша ~741 млн. АҚШ долл.), ал шоғырландырылмаған ақша қаражаттары ~31 122 млн. теңгені (374,96 теңге/АҚШ долл. бағамы бойынша ~83млн. АҚШ долл.) құрады.

Қоғам өзінің барлық акциялары мен АДҚ-ны сатып алу туралы жариялау және ұсыныстарды іске асыру арқылы акционерлер арасында ақша қаражатының едәуір бөлігін бөлуіне байланысты, сондай-ақ ірі акционер – ҚМГ ҰК жалпы сомасы 950 млрд.теңге болатын қаржылық көмек беру туралы ірі мәміле жасасуына байланысты, оның 2019 жылғы 01 наурыздағы жағдай бойынша игерудің нақты сомасы 680 млрд. теңгені құрады.

АҚ туралы Заңның 13-бабының 2-тармағына сәйкес акционерлер - артықшылықты акциялардың меншік иелері қоғамның жарғысында белгіленіп, алдын ала айқындалып кепілдік берілген мөлшерде дивидендтер алуға басым құқығы бар. Қоғамның Жарғысына сәйкес артықшылықты акциялар бойынша есептелетін дивидендтердің мөлшері бір артықшылықты акцияға кем дегенде 25 (жиырма бес) теңгені құрайды. Бұл ретте, акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешімді міндетті жариялай отырып, осындай шешім қабылдауға құқылы.

Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 26 сәуірдегі шешімімен (№8 хаттама) Қоғамның есепті қаржы жылындағы таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай және артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешімді қабылдау және Қоғамның 1 (бір) жай және 1 (бір) артықшылықты акциясына шаққандағы дивидендтің мөлшерін бекіту бойынша ұсыным берілді.

Акционерлер шешімінің жобасы

1. 2018 жылдың қорытындылары бойынша алынған 299 918 (екі жүз тоқсан тоғыз мың тоғыз жүз он сегіз) млн. теңге мөлшеріндегі Қоғамның таза кірісін бөлудің мынадай тәртібі бекітілсін:

– 2018 жылғы бір жай және бір артықшылықты акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерінің дивидендтер алу құқығы бар акционерлердің тізімін тіркеу

күніндегі айналымдағы осындай акциялар санына көбейтіндісіне тең соманы Қоғам акционерлерінің дивидендтерін төлеуге жіберу;

- Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивидендтің мөлшері 0 (ноль) теңге сомасында *(оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен төленетін салық сомасы)* белгіленсін;

- Қоғамның бір артықшылықты акциясына шаққандағы дивидендтің мөлшері 25 (жиырма бес) теңге сомасында *(оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен төленетін салық сомасы)* белгіленсін.

- дивидендтерді алу құқығы бар акционерлердің тізімін тіркеу күні мен уақыты – 2019 жылғы 7 маусым, 00 сағат 00 минут;

- дивидендтерді төлеу басталатын күн – 2019 жылғы 9 шілде;

- дивидендтерді төлеу тәртібі мен нысаны – акционерлердің банк шоттарына қолма-қол ақшасыз аудару арқылы дивидендтерді алу құқығы бар акционерлердің тізімі бойынша.

2. Қоғамның бас директоры (басқарма төрағасы) Қ.О.Есқазиев белгіленген тәртіппен осы шешімді іске асыру бойынша қажетті шараларды қабылдасын.

3. Қоғамның жылдық есебін, директорлар кеңесі мен басқарманың жұмысы туралы есепті бекіту.

Қоғам Жарғысының 74-тармағына сәйкес акционерлердің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар, басқалардың арасында, Қоғамның жылдық есебін қамтуы тиіс. Қоғам Жарғысының 75-тармағына сәйкес Қоғамның жылдық есебін Қоғамның басқармасы дайындайды, Қоғамның директорлар кеңесі мақұлдайды және акционерлердің жалпы жиналысының қарауына ұсынады. Қоғамның жылдық есебі кемінде аудиттелген жылдық есепті, Қоғамның қызметіндегі өткен кезең ішіндегі елеулі уақиғалар туралы есепті, сондай-ақ Қоғамның лауазымды тұлғаларының Қоғамның жылдық есебінде қамтылған мәліметтердің дұрыстығына жауаптылығының сипаттамасын қамтиды.

Қоғамның бекітілген жылдық есебі Қоғамның корпоративтік веб-сайтына орналастырылады.

2018 жылғы Қоғамның жылдық есебінің құрылымы келесі негізгі бөлімдерді қамтиды:

- I. Жалпы ақпарат
- II. Қызметтің негізгі көрсеткіштері
- III Негізгі оқиғалар
- IV 2018 жылғы негізгі оқиғаларды сипаттау
 1. *ЖДҚ және жай акцияларды сатып алу туралы ҚМГ БӨ тендерлік ұсынысы*
 2. *ҚМГ БӨ ЖДҚ және жай акцияларының Лондон қор биржасы және Қазақстан қор биржаларымен делистингі*
 3. *Жарғыға өзгерістер*
 4. *ҚМГ БӨ орналастырылған жай акцияларын (сатып алынған акцияларды шегергенде) ұлғайту жолымен ҚМГ БӨ жарияланған жай акцияларының санын ұлғайту)*
 5. *ҚМГ БӨ артықшылықты акцияларын сатып алу бағдарламасы*
 6. *ҚМГ қаржылай көмек*
- V. Бизнесі жүргізу шарттары
- VI. Өндірістік қызмет
- VII. Күрделі шығындарға шолу
- VIII. Операциялық қызметтің нәтижелері
- IX. Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компанияның қызметіне шолу
- X. Корпоративтік басқару
- XI. Қаржы нәтижелеріне шолу

Қоғамның директорлар кеңесі туралы ереженің 9-тарауының 9.1-тармақшасына сәйкес, директорлар кеңесі акционерлердің жылдық жалпы жиналысына директорлар кеңесі мен басқарма олар бойынша шешімдер қабылдайтын мәселелер туралы толық ақпаратты қоса алғанда, директорлар кеңесі мен басқарманың жұмысы туралы есеп ұсынуы тиіс.

2018 жылғы 22 мамырда акционерлердің жылдық жалпы жиналысының шешімімен директорлар кеңесінің сандық құрамы – 8 (сегіз) адам және 2018 жылғы 22 мамырдан

бастап 2019 жылғы 22 мамырды қоса алғанда белгіленген өкілеттілік мерзіміне директорлар кеңесінің жеке құрамы белгіленді.

2018 жылғы 22 мамырдағы акционерлердің жылдық жалпы жиналысының қорытындылары бойынша директорлар кеңесінің мынадай жеке құрамы сайланды:

1. Есқазиев Құрманғазы Орынғазыұлы – Қоғамның бас директоры (басқарма төрағасы);

2. Қуандықов Балтабек Мұханұлы – тәуелсіз директор ретінде;

3. Ертілесова Жаннат Жүргалиқызы – тәуелсіз директор ретінде;

4. Жолтаев Герой Жолтайұлы – тәуелсіз директор ретінде;

5. Карпушин Олег Вячеславович - «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі ретінде;

6. Қарабаев Дәурен Сапаралыұлы - «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі ретінде;

7. Мұқышов Ардақ Жұмағұлұлы - «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі ретінде;

8. Сырғабекова Әсия Нарыманқызы - «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі ретінде.

2018 жылғы 11 шілдедегі акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының қорытындысы бойынша директорлар кеңесінің қызметін және тиімділігін оңтайландыру мақсатында оны директорлар кеңесінің 4 (төрт) мүшесі етіп анықтап, Г.Ж.Жолтаевтың (тәуелсіз атқарушы емес директор), О.В.Карпушиннің («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі), А.Ж.Мұқышовтың («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі), Ә.Н.Сырғабекованың («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі) өкілеттіліктерін мерзімнен бұрын тоқтатып, сандық құрамды қысқарту туралы шешім қабылданды.

Осылайша, тиісті шешімді қабылдағаннан кейін директорлар кеңесінің құрамында Д.С.Қарабаев, Қ.О.Есқазиев, Ж.Ж.Ертілесова (тәуелсіз директор), Б.М.Қуандықов (тәуелсіз директор) қалды.

2018 жылы директорлар кеңесі 40 мәжіліс өткізді, оның 7-уі іштей нысанда және 23 сырттай қатысу нысанында.

Жыл ішінде директорлар кеңесі басқасымен қатар, мынадай мәселелерді қарады:

- Қоғамның бюджеттері мен бизнес-жоспарларын бекіту;
- геологиялық барлау мәселелері;
- қоршаған ортаны, денсаулық қорғау және қауіпсіздік техникасын сақтау мәселелері;
- Қоғамның мүдделілігі бар мәмілелерді мақұлдауы («Өзенмұнайгаз» АҚ және «Ембімұнайгаз» АҚ-ның мәмілелері, неғұрлым егжей-тегжейлі ақпарат шоғырландырылған қаржылық есептілікте және «Қаржылық жағдай мен қаржы-экономикалық қызметтің нәтижелерін талдау» есептілігінде келтірілген);
- акцияларының 10 және одан көп пайызы (жарғылық капиталға қатысу үлестері) Қоғамға тиесілі заңды тұлғалардың қызметі мәселелері;
- процессинг схемасы бойынша мұнайды ішкі нарыққа жеткізуді іске асыру туралы;
- Қоғамның басқармасы туралы мәселелер, басқарма мүшелерінің қызметтік жалақыларының мөлшерін, еңбекақы төлеу және сыйақы беру шарттарын белгілеу;
- 2017 жылғы шоғырландырылған есептілікті алдын ала бекіту;
- 2017 жылдың қорытындылары бойынша дивидендтің мөлшері бойынша ұсыныстар енгізу;
- ішкі аудит қызметінің жоспарлары мен есептерін, ішкі аудит қызметінің ұсынымдарын орындаудың барысын қарау;
- Қоғамның ҚНҚ туралы;
- Қоғамның банктік лимиттері туралы;
- тәуекелдерді басқару туралы;
- Қоғамның мұнай сервистік активтерін дамыту бағдарламасы туралы;
- Қоғамның артықшылықты акцияларын сатып алу және ірі мәмілені жасасу туралы;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-на қаржылық көмегін ұсыну және ірі мәміле мен мүдделілігі бар мәмілені жасасу туралы.

2018 жылы директорлар кеңесі мынадай құжаттарды қарады:

- «ҚазМұнайГаз» БӨ» Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар мақұлданды;

- «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ Тәуекелдерді басқару саясатына және «Қазмұнайгаз» БӨ» АҚ тәуекел-аппетиті бойынша негізгі тәуекелдер мен өтініштер тізбесін бекіту туралы өзгерістер енгізілді.

- «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ Қызметкерлеріне еңбекақы төлеу туралы ереженің күші жойылды деп танылды.

Қоғамның директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі, Сыйақылар жөніндегі, Тағайындау және Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттерінің жұмысы олар туралы ережелерге сәйкес жүргізілді.

2018 жылы аудит жөніндегі комитеті 11 отырыс өткізді, оларда келесі мәселелер қарастырылды:

1. Қаржылық есептілік:
 - a. ҚЕХС сәйкес қаржылық есептілікті дайындау мәселелерін қарау;
 - b. Қазақстан және Лондон қор биржаларында ашу үшін тоқсандық пен жылдық қаржы есептерін бекіту;
 - c. Қаржылық есептілік бойынша баспасөз-релизін және қаржылық-шаруашылық қызметінің шолуларын мақұлдау;
2. Ішкі аудит:
 - a. Ішкі аудит қызметінің жұмыс жоспарын қарау және мақұлдау;
 - b. Ішкі аудит қызметінің кадрлық мәселелері;
 - c. Ішкі аудит қызметінің есептері;
3. Тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесінің мониторингі;
4. Комплаенс мәселелері.

Сыйақылар жөніндегі комитет 5 отырыс өткізді, мұнда директорлар кеңесіне Қоғамның директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу мөлшері мен шарттары жайлы ұсыныстар енгізу туралы, басқарма мүшелерінің, ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің және корпоративтік хатшының лауазымдық айлықақыларының мөлшерін және еңбекақы төлеу мен сыйлықақы беру шарттарын белгілеу туралы, 2019 жылға Қоғамның корпоративтік ҚНҚ туралы, Қоғам қызметкерлеріне сыйақы беру мәселелері қаралды.

Тағайындау жөніндегі комитет 6 отырыс өткізді, мұнда Қоғамның директорлар кеңесі мен басқармасының жаңа мүшелерін тағайындау туралы мәселелері қаралды.

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет 3 отырыс өткізді, онда келесі сұрақтар қаралды: 2018 жылға арналған түзетілген жеке және шоғырландырылған жылдық бюджеттерді және 2019 жылға арналған күрделі салымдар бөлігінде түзетілген шоғырландырылған бюджетті бекіту туралы, Қоғамның жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды мақұлдау, еншілес және тәуелді ұйымдардың жарғылық капиталдарындағы Қоғамның акцияларын (қатысу үлестерін) сенімгерлік басқаруға беру туралы.

Қоғам басқармасы атқарушы орган болып табылады, Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асырады.

2018 жылғы 1 маусымда Қоғамның директорлар кеңесінің шешімі негізінде Қоғам басқармасының сандық құрамын 8 (сегіз) адам, Қоғам басқармасының өкілеттілік мерзімін 2019 жылғы 12 маусымға дейін белгілеу, сондай-ақ Қоғам басқармасы мүшелері: Қ.Ж.Нұрғалиевтің және Ш.Э.Дрейдердің өкілеттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтатып, 2018 жылғы 12 маусымнан бастап Б.Б.Асқаровты, М.А.Оразбековты, Ә.Т.Илеуовті сайлау туралы шешім қабылданды.

2018 жылғы 3 қазанда Қоғамның директорлар кеңесінің шешімі негізінде Қоғам басқармасының сандық құрамын 6 (алты) адам деп белгілеу және Қоғам басқармасының мүшелері М.Ж.Сәлімгереев пен Б.Қ.Абайылдановтың өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылданды.

2018 жылы басқарма тұрақты негізде және қажеттілігіне қарай 26 отырыс өткізді. 2018 жыл ішінде басқарма Қоғамның операциялық қызметіне, ішкі рәсімдерге, басқару тәуекелдерінің мәселелеріне қатысты және оларды реттейтін аса маңызды мәселелерді, сондай-ақ ішкі бизнес үдерістерін, тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудың

жылдық жоспарын реттейтін және айқындайтын ережелерді, нормаларды, Қоғамның ішкі қызметін реттейтін рәсімдерді бекітуді қарастырды.

Басқарма акционерлердің жалпы жиналысының, директорлар кеңесінің және Қоғамның лауазымды тұлғаларының айрықша құзыретіне жатпайтын Қоғамның қызметін қамтамасыз етудің өзге де мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды.

Қоғамның жылдық есебі www.kmger.kz мекенжайы бойынша корпоративті веб-сайтта орналастырылған, сондай-ақ акционерлердің сұрауы бойынша беріледі.

Акционерлер шешімінің жобасы:

Қоса берілген Қоғамның 2018 жылғы жылдық есебі және директорлар кеңесі мен басқарманың жұмысы туралы есеп бекітілсін.

4. Қоғам және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне акционерлердің берген өтініштері мен оларды 2018 жылы қарастыру қорытындылары туралы ақпарат.

АҚ туралы Заңның 35-бабының 2) тармақшасына және Қоғам Жарғысының 49) тармақшасына сәйкес акционерлердің жалпы жыл сайынғы жиналысында қоғам және оның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне акционерлердің өтініштері мен оларды қарастыру қорытындылары туралы мәселе қарастырылады.

2018 жылғы 10 сәуірде Қоғамның директорлар кеңесі 2017 жылғы қорытындылар бойынша қарапайым акциялар дивидендтерін төлемеуді, ал артықшылықты акциялар бойынша бір акцияға Қоғам Жарғысының кепілдендірілген дивиденді көлемін төлеуге (25 теңге) ұсынды. 2018 жылғы 22 мамырда Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы Қоғамның 1 (бір) қарапайым және 1 (бір) артықшылықты акциясын есептегенде дивиденд төлеу туралы тиісті шешім қабылдады.

2018 жылғы 26 сәуірде «Азия Life» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ-ның Қоғамның дивидендтік саясатына сілтемемен салық салғаннан кейін немесе директорлар кеңесінің ағымдық ұсынысына сәйкес шығынды өтеу туралы шешімді акционерлердің жалпы жиналысының қабылдауы кезінде Қоғамның табысынан кемінде 15% көлемінде 2017 жылғы қорытынды бойынша Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивиденд төлеу туралы акционерлердің жалпы жиналысына ұсыныс беру туралы мәселені директорлар кеңесіне қарастыруға беруге қатысты өтініші келіп түсті. Өтінішті қарастыру нәтижелері бойынша 2018 жылғы 16 мамырда (шығ.№79-07/1609) Қоғам ҚМГ БӨ директорлар кеңесінің жоғарыда аталған ұсынысының АҚ туралы Заңының, артықшылықты акциялар бойынша дивиденд төлеу жөніндегі Қоғам Жарғысының нормаларына және Қоғам акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау тәртібіне сай келуі туралы жауап жіберілді.

Мазмұндары бойынша ұқсас өтініштер келіп түсті:

- 2018 жылғы 20 сәуірде «Самұрық-Қазына» АҚ, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басқару төрағаларына және «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ директорлар кеңесінің мүшелеріне Қоғамның артықшылықты акцияларының 4857 ұстаушыларынан (А.Батаев, Р.Ершибаев, Б.Кудебаев, Т.Копжанов, А.Ибрагимова, Д.Куримов, Д.Утешев, Б.Бақтығалиев). ҚМГ БӨ директорлар кеңесінің төрағасы А.Батаевқа 2018 жылғы 04 мамырдағы шығ. №107-31/2256 түпкілікті жауап жіберілді;
- 2018 жылғы 23 сәуірде М.И.Жақсымбетовтің өтініші келіп түсті. Қоғамның 2018 жылғы 16 мамырдағы шығ.№79-07/1606 жауабы берілді;
- 2018 жылғы 24 сәуірде И.М.Жүсіпбекованың өтініші келіп түсті. Қоғамның 2018 жылғы 16 мамырдағы шығ.№79-07/1607 жауабы берілді;
- 2018 жылғы 24 сәуірде Р.Б.Макеевтің өтініші келіп түсті. Қоғамның 2018 жылғы 16 мамырдағы шығ. №79-07/1608 жауабы берілді;
- 2018 жылғы 24 сәуірде Л.Ж.Сергазинаның өтініші келіп түсті. Қоғамның 2018 жылғы 16 мамырдағы шығ. №79-07/1610 жауабы берілді.

Қоғамның директор кеңесінің 2018 жылғы 10 тамыздағы шешімімен (№30 хаттама) бір артықшылықты акцияға 12 800 (он екі мың сегіз жүз) теңге бағасымен ҚМГ БӨ артықшылықты акцияларын сатып алу бекітілді.

2018 жылғы 15 қазанда акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысында Қоғамның жарияланған қарапайым акциялар санын арттыру шешімі қабылданды (Қоғам сатып алған қарапайым акцияларды есептемегенде).

2018 жылғы 30 қазанда «Ланкренан Инвестментс Лимитед» («Lancrenan Investments Limited») компаниясы артықшылықты акциялар иесінің үлкен шығындарды болдырмау мақсатында қысыммен акцияларды сатып алуды ұсыну және сатып алу бағасының әділетсіздігі туралы артықшылықты акциялар иесінің өтінішін жіберді.

2018 жылғы 6 қарашада Қоғам «Ланкренан Инвестментс Лимитед» («Lancrenan Investments Limited») компаниясына Қоғамның Бас директоры (басқару төрағасы) атынан

акционерлердің 2015 жылғы 15 қазандағы кезектен тыс жалпы жиналысының шешімі «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының және Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі түсініктерінің талаптарын сақтай отырып қабылданғаны туралы хат жіберді. Шешімді қабылдау нәтижесінде Қоғам Жарғысына сәйкес бір акцияға кемінде 25 (жиырма бес) теңге көлемінде жылдық ең төмен кепілді дивиденд алуына Қоғамның артықшылықты акцияларын ұстаушыларының құқығында өзгерістер болған жоқ, тиісінше, артықшылықты акциялар бойынша дивидендті есептеу тәртібі өзгерген жоқ.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Заңның 13-бабы 4-тармағы 1) тармақшасы талаптарына сәйкес, егер акционерлердің жалпы жиналысы шешімі артықшылықты акцияларды иеленген акционердің құқығын шектеуі мүмкін мәселені қарастырса, жоғарыда аталған нормамен белгіленген және түпкілікті сипатта болса, артықшылықты акция акционерге қоғамды басқаруда қатысуға құқық береді.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ірі акционерінің пайдасына қаржылай көмекке қатысты ол мерзімділік және қайтарымдылық шарттарында берілгендігі белгіленеді. Аталған мәселе бойынша шешім Қоғам Жарғысының және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының ережелері мен талаптарын сақтаумен қабылданды.

Акционерлер шешімінің жобасы:

Ұсынылған ақпарат назарға алынсын.

5. Директорлар кеңесі мен Қоғам басқармасы мүшелерінің 2018 жылғы сыйақы мөлшері мен құрамы туралы ақпарат.

АҚ туралы Заңның 35-бабы 2-тармағына және Қоғам Жарғысының 49-тармағына сәйкес акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналысында Директорлар кеңесінің төрағасы Қоғам акционерлеріне директорлар кеңесі және Қоғам басқармасы мүшелерінің сыйақыларының көлемі мен құрамы туралы хабарлайды.

2018 жылы директорлар кеңесі сегіз мүшесінің ішінен Қоғамның директорлар кеңесіндегі жұмысы үшін тек қана Қоғамның директорлар кеңесінің тәуелсіз директорлары сыйақы алды. 2018 жылы Қоғамның директорлар кеңесінің тәуелсіз директорларына есептелген жалпы сыйақы сомасы 128 159 мың теңгені құрады (10% мөлшерлеме бойынша ЖТС сомасын қоса есептегенде), соның ішінде: Филип Дэйер – 43 163 мың теңге, Аластер Фьюргюсон – 34 774 мың теңге, Фрэнсис Соммер – 32 121 мың теңге, Қуандықов Балтабек Мұханұлы – 8 136 мың теңге, Ертілесова Жаннат Жүрғалиқызы – 8 136 мың теңге, Жолтаев Герой Жолтайұлы – 1 828 мың теңге.

2017 жылғы 23 мамырдан бастап 2018 жылғы 23 мамырды қоса алғандағы кезең үшін тәуелсіз директорларға сыйақы төлеу мөлшері мен шарттары 2017 жылғы 23 мамырдағы акционерлердің жылдық жалпы жиналысында белгіленді. 2018 жылғы 23 мамырға дейін сыйақы жылдық сыйақыдан, директорлар кеңесінің бетпе-бет отырыстарында қатысқаны үшін сыйақы, телефон немесе бейнеконференц-байланыс арқылы директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелерінің отырыстарына қатысқаны үшін сыйақы, аудит жөніндегі комитет, сыйақы жөніндегі комитет, тағайындау жөніндегі комитет және Қоғам директорларының кеңесін стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет төрағасының міндетін орындағаны үшін сыйақыдан тұрды.

Тәуелсіз директорларға сыйақы төлеу мөлшері мен шарттары 2018 жылғы 22 мамырда акционерлердің жылдық жалпы жиналысында белгіленді. 2018 жылғы 22 мамырдан бастап Қоғамның әр тәуелсіз директорына 1 000 000 (бір миллион) теңге көлемінде ай сайынғы сыйақы белгіленді. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері сыйақы алмайды, бірақ директорлар кеңесінің мүшелері ретінде өз міндеттерін орындаумен байланысты шығындардың өтелуіне құқықтары бар.

2018 жылғы 31 желтоқсанда директорлар кеңесі төрт адамнан тұрады.

Қарабаев Дәурен Сапаралыұлы, Директорлар кеңесінің төрағасы, Басқарма төрағасының орынбасары – «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының қаржы директоры.

Қоғам Директорлар кеңесінің мүшелері:

Есқазиев Құрманғазы Орынғазыұлы, Қоғамның бас директоры (басқарма мүшесі);

Қуандықов Балтабек Мұханұлы (тәуелсіз атқарушы емес директор);

Ертілесова Жаннат Жүрғалиқызы (тәуелсіз атқарушы емес директор).

Қоғам басқармасы мүшелерінің сыйақыларының мөлшері мен құрамы туралы ақпарат Қоғамның Қаржы есептілігі депозитарийінде және Жылдық есебінде орналастырылады.

Акционерлер шешімінің жобасы:

Ұсынылған ақпарат назарға алынсын.

6. Қоғамның директорлар кеңесінің сандық құрамын анықтау.

АҚ туралы Заңның 36-бабы 1-тармағы 5) тармақшасына, Қоғам Жарғысының 103-тармағы 10) тармақшасына сәйкес директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, ол туралы ережені бекіту, сондай-ақ директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы төлеудің және шығыстарын өтеудің мөлшері мен шарттарын айқындау жатады.

Қоғам Жарғысының 114-тармағына сәйкес директорлар кеңесі мүшелерінің саны (уақытша бос орындардың болмауы кезінде), тәуелсіз директорлар мен бас директорды (басқарма төрағасын) қоса алғанда, 4 (төрт) адамнан кем болмауы тиіс.

Қоғам директорлар кеңесінің ұсынымына сәйкес акционерлердің қарауына акционерлер шешімінің келесі жобасы шығарылады:

Акционерлер шешімінің жобасы:

Директорлар кеңесінің сандық құрамы белгіленсін – 4 (төрт) адам.

7. Қоғамның директорлар кеңесінің өкілеттілік мерзімін анықтау

АҚ туралы Заңның 36-бабы 1-тармағы 5) тармақшасына, Қоғам Жарғысының 103-тармағы 10) тармақшасына сәйкес директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, ол туралы ережені бекіту, сондай-ақ директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы төлеудің және шығыстарын өтеудің мөлшері мен шарттарын айқындау жатады.

Қоғам директорлар кеңесінің ұсынымына сәйкес акционерлердің қарауына акционерлер шешімінің келесі жобасы шығарылады:

Акционерлер шешімінің жобасы:

Директорлар кеңесінің өкілеттілік мерзімі анықталсын – 1 (бір) жыл (2019 жылғы 27 мамырдан бастап 2019 жылғы 27 мамырға дейін (қоса алғанда).

8. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерін сайлау

АҚ туралы Заңның 36-бабы 1-тармағы 5) тармақшасына, Қоғам Жарғысының 103-тармағы 10) тармақшасына сәйкес директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы төлеудің және шығыстарын өтеудің мөлшері мен шарттарын айқындау жатады.

АЖЖЖ өткізу туралы хабарлама 2019 жылғы 26 сәуірде «Казахстанская правда» мен «Егемен Қазақстан» газеттерінде жарияланды (Қоғам Жарғысының 6-тармағына сәйкес). «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының директорлар кеңесі туралы ереженің» (Қоғам акционерлерінің 2007 жылғы 30 қазандағы жалпы жиналысымен бекітілген) (бұдан әрі – Директорлар кеңесі туралы ереже) 3.8-тармағына сәйкес акционерлер, күн тәртібіне директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселе енгізілген акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы акционерлерге хабарлағаннан күннен бастап 15 күн ішінде, директорлар кеңесіне кандидаттар туралы ұсыныстар енгізе алады. Директорлар кеңесі акционерлердің танысуы үшін акционерлер жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды дайындау аяқталған күннен кешіктірмей, бірақ кез келген жағдайда жиналыс өткізілетін күнге дейін 10 (он) күннен кешіктірмей Директорлар кеңесіне кандидаттар туралы ұсыныстар енгізе алады.

Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 26 сәуірдегі шешіміне (№8 хаттама) сәйкес, Қоғамның директорлар кеңесін тағайындау жөніндегі комитеттің ұсыныстары мен ұсынымдарын есепке ала отырып, директорлар кеңесіне сайлауға келесі кандидаттар ұсынылды және мақұлданды:

- 1 Есқазиев - Қоғамның бас директоры (басқарма төрағасы);
Құрманғазы Орынғазыұлы
- 2 Қуандықов Балтабек - Тәуелсіз директор ретінде;
Мұханұлы
- 3 Ертілесова - Тәуелсіз директор ретінде;
Жаннат Жүрғалиқызы
- 4 Қарабаев - «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі ретінде;
Дәурен Сапаралыұлы

Кандидаттар туралы толық ақпарат (АҚ туралы Заңның 44-бабы 2-тармағының, Қоғам Жарғысының 73 және 115-тармақтарының талаптарын ескере отырып) қоса беріледі.

9. Қоғам директорлар кеңесінің мүшелеріне өз міндеттемелерін орындағаны үшін сыйақылар мен өтемақылар төлеудің мөлшері мен шарттарын белгілеу

Қоғам Жарғысының 103-тармағы 10) тармақшасына сәйкес директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, ол туралы ережені бекіту, сондай-ақ директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы төлеудің және шығыстарын өтеудің мөлшері мен шарттарын айқындау жатады.

Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 26 мамырдағы шешіміне (№8 хаттама) сәйкес, Қоғам директорлар кеңесінің сыйақылары жөніндегі комитеттің ұсыныстары мен ұсынымдарын есепке ала отырып, директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы беру шарттары ұсынылды.

Акционер шешімінің жобасы:

1. Директорлар кеңесінің мүшелеріне – тәуелсіз директорларға олар Қоғамның Директорлар кеңесіне сайланған күннен бастап сыйақы төлеудің мынадай мөлшерлері мен шарттары белгіленсін:

Қоғамның әр тәуелсіз директорына 1 000 000 теңге мөлшеріндегі ай сайынғы сыйақы (жеке табыс салығын және міндетті зейнетақы жарналарын есепке алусыз).

2. Қоғам директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін шығыстарын өтеудің келесі мөлшері мен шарттары белгіленсін:

1) тәуелсіз директорлар үшін – олармен жасалған шарттардың қоса берілген жобаларына сәйкес;

2) директорлар кеңесінің басқа мүшелері үшін – директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің қызметіне байланысты келесі шығындар:

- тұрғын жайды жалға алу бойынша – нақты шығындар бойынша;
- отырыстың/кездесулердің орнына бару және тұрақты жұмыс орнына/тұрақты тұрғылықты жеріне қайтып келу – бизнес-класс тарифі бойынша;
- мейманханадан/мейманханаға әуежайға/вокзалға трансфер – нақты шығындар бойынша;
- халықаралық (ұялы) байланысты, факсимильдік байланысты, бейнеконференцияны, конференц-байланысты пайдалану – нақты шығындар бойынша.

Өтемақы Қоғамға келтірілген шығындар туралы растайтын құжаттарды ұсынған жағдайда жүзеге асырылады.

3. Қоғам директорлар кеңесінің төрағасына жоғарыда айтылған шарттарда Қоғамның тәуелсіз директорларымен жасалатын шарттарға Қоғамның атынан қол қоюға өкілеттік берілсін

Шешімдердің аяқталуы.

Неғұрлым толық ақпаратты Сіздер Нұр-Сұлтан қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17-үй, 1202-кабинет мекенжайы бойынша «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы кеңсесінде 9 сағат 00 минуттан 18 сағат 30 минутқа дейін, сондай-ақ Қоғамның www.kmger.kz веб-сайтында алуларыңызға болады

**«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы
Директорлар кеңесіне кандидат туралы ақпарат**

- 1) Тегі, аты, әкесінің аты:
Есқазиев Құрманғазы Орынғазыұлы
1965 жылғы 11 мамыр
- 2) «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының бас директоры (басқарма төрағасы)
- 3) Кандидатқа тиесілі Қоғам акцияларының саны: Жоқ
(2019 жылғы 01 сәуірдегі жағдай бойынша)
- 4) Білімі туралы мәліметтер:
В.И.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институты, Мұнай және газ геологиясы, Тау-кен инженері - геолог, 1993;
Томск политехникалық университеті, Геологиялық-минералогиялық ғылымдар кандидаты, 2006.
- 5) Қоғамға үлестестігі туралы мәлімет: Қоғамның лауазымдық тұлғасы және Қоғамның үлестес тұлғаларының лауазымды тұлғасы болып табылады
- 6) Кандидат соңғы үш жылда жұмыс істеген жұмыс орындары мен атқарған лауазымдары, сондай-ақ кандидаттың соңғы бес жылда заңды тұлғалардың басқару органдарында атқарған лауазымдары туралы мәліметтер:

2015 жылғы қыркүйек – қазіргі уақытқа дейін - «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы, Бас директор (басқарма төрағасы)

2015 жылғы қаңтар – 2015 жылғы қыркүйек – «Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамы, Бас директор (басқарма төрағасы)

2013 жылғы желтоқсан – 2015 жылғы қаңтар – «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы, Геология бойынша басқарушы директор – бас геолог

2013 жылғы қараша – 2013 жылғы желтоқсан - «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы, Операциялық емес өндіруші активтер бойынша басқарушы директор

2012 жылғы ақпан – 2013 жылғы қараша - «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы, Басқарма төрағасының геология және перспективалық жобалар жөніндегі орынбасары

2010 жылғы маусым – 2012 жылғы ақпан - «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы, Бас геолог

2008 жылғы ақпан – 2010 жылғы маусым - «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы, Геология, геофизика және резервуарлар жөніндегі басқарушы директор

7) Кандидаттың Қоғамның үлестес тұлғаларымен және контрагенттерімен қатынасы туралы мәліметтер: Қоғамға қатысты үлестес тұлға болып табылады.

8) Өтелмеген немесе заңнамамен белгіленген тәртіпте алынбаған соттылығы туралы мәліметтер: Жоқ

9) Кандидаттың Қоғам Директорлар кеңесіне ұсынуға келісетіндігі туралы мәліметтер: келісті

**«ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ
бас директоры
(басқарма төрағасы)**

Қ. Есқазиев

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы
Директорлар кеңесіне кандидат туралы ақпарат

- 1) Тегі, аты, әкесінің аты: Қуандықов Балтабек Мұханұлы,
1948 жылғы 21 тамыз
- 2) «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының тәуелсіз директоры
- 3) Кандидатқа тиесілі Қоғам акцияларының саны: жоқ
- 4) Білімі туралы мәліметтер:
1971 ж. В.И.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институты, Алма-Ата, Қазақ ССР, Мұнай факультеті, мамандығы: мұнайшы-геолог
- 5) Қоғамға үлестестігі туралы мәлімет: үлестес емес.
- 6) Кандидат соңғы үш жылда жұмыс істеген жұмыс орындары мен атқарған лауазымдары, сондай-ақ кандидаттың соңғы бес жылда заңды тұлғалардың басқару органдарында атқарған лауазымдары туралы мәліметтер:

2006 жылғы ақпаннан бастап қазіргі уақытқа дейін «Меридиан Петролеум» ЖШС жеке компаниясында компания президенті лауазымында жұмыс істейді, Алматы қаласы, Қазақстан
- 7) Кандидаттың Қоғамның үлестес тұлғаларымен және контрагенттерімен қатынасы туралы мәліметтер: жоқ
- 8) Өтелмеген немесе заңнамамен белгіленген тәртіпте алынбаған соттылығы туралы мәліметтер: соттылығы жоқ
- 9) Кандидаттың Қоғам Директорлар кеңесіне ұсынуға келісетіндігі туралы мәліметтер: келісті

Б. Қуандықов

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы
Директорлар кеңесіне кандидат туралы ақпарат

- 1) Тегі, аты, әкесінің аты: Ертілесова Жаннат Жұрғалиқызы, 1956 ж.т.
- 2) «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының тәуелсіз директоры
- 3) Кандидатқа тиесілі Қоғам акцияларының саны: жоқ
- 4) Білімі туралы мәліметтер:
С. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті, 1974-1978 жж., математик.
- 5) Қоғамға үлестестігі туралы мәлімет: үлестес емес
- 6) Кандидат соңғы үш жылда жұмыс істеген жұмыс орындары мен атқарған лауазымдары, сондай-ақ кандидаттың соңғы бес жылда заңды тұлғалардың басқару органдарында атқарған лауазымдары туралы мәліметтер:

2005 жыл – қазіргі уақытқа дейін – «Қазақстанның салық төлеушілер қауымдастығы» Басқару кеңесінің төрайымы
2016 жыл – қазіргі уақытқа дейін – Бәсекелестікті және тауар нарығын дамыту қауымдастығы кеңесінің төрағасы
2016 жыл – қазіргі уақытқа дейін – «Қазақстандық бәсекелестікті бағалау және дамыту институты» ЖШС-ның бас экономисті
2016 жыл – қазіргі уақытқа дейін – ҚР Ұлттық экономика министрлігі Қоғамдық кеңесінің мүшесі
2016 жыл – қазіргі уақытқа дейін – ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Қоғамдық кеңесінің мүшесі
2016 жыл – қазіргі уақытқа дейін – Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Кәсіпкерлер құқықтарын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл кеңесінің мүшесі
2016 жыл – қазіргі уақытқа дейін – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті басқармасының мүшесі
2016 жыл – қазіргі уақытқа дейін – «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директоры
2016 жыл – қазіргі уақытқа дейін – «Медициналық сақтандыру қоры» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директоры
2016 жыл – қазіргі уақытқа дейін - «Ембімұнайгаз» АҚ мен «Өзенмұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директоры
2016 жыл – қазіргі уақытқа дейін - «НАРХОЗ Университеті» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директоры.
- 7) Кандидаттың Қоғамның үлестес тұлғаларымен және контрагенттерімен қатынасы туралы мәліметтер:
«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директоры
«Өзенмұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директоры
- 8) Өтелмеген немесе заңнамамен белгіленген тәртіпте алынбаған соттылығы туралы мәліметтер: жоқ
- 9) Кандидаттың Қоғам Директорлар кеңесіне ұсынуға келісетіндігі туралы мәліметтер: келісті

Ж. Ертілесова

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы
Директорлар кеңесіне кандидат туралы ақпарат

- 1) Тегі, аты, әкесінің аты: Қарабаев Дәурен Сапаралыұлы, 1978 жылғы 11 маусым
- 2) «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының өкілі
- 3) Кандидатқа тиесілі Қоғам акцияларының саны: жоқ (2019 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша)
- 4) Білімі туралы мәліметтер:
Экономист, мамандығы «Халықаралық экономикалық қатынастар», Қазақ мемлекеттік басқару академиясы", (1999 жыл)
Экономист, мамандығы «Қаржы саласындағы ғылым магистрі», Техас Университеті &M LowryMays Бизнес мектебі (2001 жыл)
- 5) Қоғамға үлестестігі туралы мәлімет: Қоғамның лауазымдық тұлғасы және Қоғамның үлестес тұлғаларының лауазымды тұлғасы болып табылады
- 6) Кандидат соңғы үш жылда жұмыс істеген жұмыс орындары мен атқарған лауазымдары, сондай-ақ кандидаттың соңғы бес жылда заңды тұлғалардың басқару органдарында атқарған лауазымдары туралы мәліметтер:

2016 жылғы қазаннан бастап - «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының атқарушы вице-президенті – қаржы директоры
2007 жылғы наурыздан бастап 2016 жылғы маусымға дейін – «Қазақстан Халық банкі» АҚ Басқармасы төрағасының орынбасары
2003 жылдан бастап 2004 жылға дейін – «АБН АМРО Банк Қазақстан» АҚ Кредиттік басқармасының бастығы.
- 7) Кандидаттың Қоғамның үлестес тұлғаларымен және контрагенттерімен қатынасы туралы мәліметтер: Қоғамға қатысты үлестес тұлға болып табылады.
- 8) Өтелмеген немесе заңнамамен белгіленген тәртіпте алынбаған соттылығы туралы мәліметтер: жоқ
- 9) Кандидаттың Қоғам Директорлар кеңесіне ұсынуға келісетіндігі туралы мәліметтер: келісті

**«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ
Басқармасы төрағасының орынбасары –
қаржы директоры**

Д. Қарабаев